

## 75-ҚИЯМЕТ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Қырық аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Жоқ, қиямет күніне ант етемін. (1) Жоқ, сөгіс беруші нәпсіге ант етемін. (2) Адам баласы, біз сүйектерді жинай алмайды деп ойлай ма? (3) Әрине оны саусақтарының үшіне дейін қайта жасай аламыз. (4) Бірақ адам баласы, күнәны жалғастыра бергісі келеді (5) "Қиямет күні қашан болады?",- деп, сұрайды. (6) Қашан көз шағылысқан, (7) Ай тұтылған, (8) Күн мен ай бір араға келтірілген кезде. (9) Адамдар сол күн: "Қашар жер қайда?",- дейді. (10) Жоқ, әсте пана жоқ. (11) Ол күнгі тұрақ; Раббыңның алды. (12) Сол күні адам баласына ілгері кейін істегені білдіріледі. (36-С. 12-А.) (13) Әрине адам баласы өзіне-өзі көздеуші: (14) Егер барлық желеулерін ортаға қойса да. (Қанша сылтауратса да өз қылығы өзіне мәлім.) (15) (Мұхаммед Ғ.С. Құран уахи етілген сәтте, тездетіп оқуға тырысқан. Б.Ж.Р.М.) (Әй Мұхаммед!) Құран түскенде оған асығып тіліңді қозғалтпа. (16) Шын мәнінде оны жинау, оқу Бізге міндет. (17) Ал оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес. (18) Сосын оны түсіндіру Бізге міндет. (19)

Сонда оларға шапағатшылардың шапағаты пайда бермейді. (48) Ал оларға насихаттан жалтаратын не болды? (49) Олар мүлде үріккен құлан сияқты; (50) Арыстаннан қашқан... (51) Жоқ, олардан әрбіреуі өзіне бір ашық нұсқа берілуін қалайды. (52) Жоқ, олар ахиреттен қорықпайды. (53) Олай емес. Шын мәнінде Құран бір насихат. (54) Кім қаласа, одан үгіт алады. (55) Алла қаламайынша, олар, үгіт ала алмайды. Ол Алла, қорқылуға лайық, жарылқау иесі. (56)

Жоқ, олай емес. Сендер тез кететін дүниені жақсы көресіңдер. (20) Ақиретті тастап, қоясыңдар. (21) Қиямет күні, кейбір жүздер жарқылдап; (22) Раббына қарайды. (23) Ол күні, кейбір жүздер томсаруда болады. (24) Өзіне бел үзетін қинау жасалады деп ойлайды. (25) Жоқ олай емес. Жан алқымға келген кезде; (26) "Кім шара көреді?", - делінеді. (27) Ол шын мәнінде айрылу екенін сезеді. (28) Балтыры, балтырына оралады. (29) Ол күні Раббы жаққа айдалады. (30) Сонда ол, мойындамады да намаз оқымады. (31) Бірақ, жасынға шығарып бет бұрды. (32) Сосын ол, кердендей басып, үйіне кетті. (33) Саған пәле келсін, (34) Сосын сені пәле басқыр! (35) Адам баласы бос қоя берілеміз деп ойлай ма? (36) Ол, (жатырға) тамызылған бір тамшы мәни емес пе? (37) Сосын ол, ұйыған қан болды. Сонда Алла жаратып бейнеледі. (38) Сонда одан ер, әйел екі жыныс жаратты. (39) Бұларды жасаған Алланың, өліктерді қайта тірілтуге күші жетпей ме? (40)

### 76-ІНСАН СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Отыз бір аят.  
Аса қамқор, ерекше мейірімді  
Алланың атымен бастаймын.



Адамзат еске аларлық бір нәрсе болғанға дейін дәуірден бірталай мерзім өтпеді ме? (1) Шын мәнінде Біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық. (2) Расында оған тура жол көрсеттік. Мейлі шүкірлік қылсын, мейлі қарсы келсін. (3) Әрине, қарсы келушілер үшін шынжырлар, боғаулар және жалындаған тозақ әзірледік. (4) Әрине жақсылар, жаннатта: "Кәфүр" қосылған кеседен ішеді. (5)